

Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 5 қыркүйектегі № 408-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 5 қыркүйекте № 35036 болып тіркелді

"Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 18) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі*

А. Балаева

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрі
2024 жылғы 5 қыркүйектегі
№ 408-НҚ бұйрығына
1-қосымша

Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 18) тармақшасына сәйкес әзірленді және телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс (бұдан әрі – конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді (бұдан әрі – өтінім) қарауды және жеңімпаздарды айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеуді масс-медиа саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жанынан құрылған Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) жүзеге асырады.

2-тарау. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурсты өткізу тәртібі

3. Комиссияның жұмыс органы болып табылатын уәкілетті орган конкурсты өткізуді ұйымдастырушы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) ретінде әрекет етеді.

4. Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналар тізбесін (бұдан әрі – тізбе) қалыптастыру көпарналы хабар таратудағы таратылу ортасына (цифрлық эфирлік, спутниктік телерадио хабарларын тарату) қарай жүзеге асырылады.

Тізбені қалыптастыру үш жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

5. Конкурс өткізу туралы ақпараттық хабар (бұдан әрі – ақпараттық хабар) ресми бұқаралық ақпарат құралдарында және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында өтінімдерді қабылдаудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын жарияланады.

6. Ақпараттық хабар мынадай мәліметтерді:

1) конкурсты өткізу уақытын, күні мен орнын;

2) елді мекендердің (аумақтардың) атауын көрсете отырып, радиотелевизиялық станциялар туралы деректерді;

3) өтінімдерді қабылдау орнын, оның басталу және аяқталу мерзімдерін қамтиды.

7. Тіркелген өтінім кері қайтарылып алынған жағдайда, үміткер Ұйымдастырушыға жазбаша түрде хабарлама жібереді.

Өтінімдерді қабылдауды жүзеге асыратын адам тіркеу журналына үміткерлердің өтінімдерін кері қайтарып алуын енгізеді.

Кері қайтарып алғаннан кейін келіп түскен өтінімдер мен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес конкурстық ұсыныстар қабылданбайды.

8. Конкурсқа қатысуға өтінім беруді үміткердің атынан әрекет етуге оның құқығын куәландыратын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес ресімделген сенімхатты көрсету арқылы үміткердің өкілі жүзеге асырады.

9. Ақпараттық хабарда көрсетілген өтінімдерді қабылдау мерзімі өткен соң конкурсқа қатысуға келіп түскен өтінімдер және конкурстық ұсыныстар қабылданбайды.

Өтінім қабылдауды жүзеге асыратын адам өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы белгіні ұсынылған өтінімге қояды.

10. Ұйымдастырушы үміткерлердің ұсынған өтінімдері мен оларға қоса берілетін конкурстық ұсыныстардың, сондай-ақ өтінім берген тұлғалар туралы мәліметтердің және олар ұсынған конкурстық ұсыныстардың мазмұнының құпиялылығының сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

11. Өтінім мен конкурстық ұсыныстарды үміткер Ұйымдастырушының мекенжайына беттері нөмірленіп тігілген, соңғы беті оның қолтаңбасымен және мөрімен (бар болған кезде) куәландырылған түрде мөр басылып жабылған конвертте ұсынады, оның ішінде:

1) өтінім салынған мөр басылып жабылған конверттің беткі жағында үміткер Ұйымдастырушының және үміткердің толық атауы мен поштасының мекенжайын көрсетеді;

2) өтінімдерді қабылдауды жүзеге асыратын адам өтінімдер салынған конверттерді белгіленген мерзімі өткенге дейін ұсынған өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді.

12. Комиссия өтінімдер салынған конверттерді ақпараттық хабарда көрсетілген мерзімде және орында үміткерлердің немесе олардың өкілдерінің қатысуымен ашады.

Комиссияның отырысы басталғанға дейін Комиссия хатшысы өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жүзеге асыру кезінде үміткерлердің мүдделерін білдіруге үміткерлер өкілдерінің құжатпен ресімделген өкілеттіктерін тексереді.

Өтінімі салынған әрбір конвертті ашқан кезде Комиссия хатшысы осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес конверттегі құжаттардың тізбесі туралы ақпаратты жария етеді.

Өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде өтінімнің болуын және дұрыс ресімделуін тексеру рәсімін аудио және/немесе бейне тіркеу жүргізіледі және өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасы ресімделеді.

Өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына Комиссия төрағасы, оның қатысып отырған мүшелері мен хатшысы қол қояды және екі жұмыс күні ішінде Комиссия хатшысы әр парағына виза қояды және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) Комиссияның отырысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 2) Комиссияның сандық құрамы, кворумның болуы;
- 3) өтінімдерді беру күні мен уақытын көрсете отырып, белгіленген мерзімде өтінім берген үміткерлердің толық атауы, мекенжайлары;

4) ұсынылған құжаттар (өтінім және оған қоса берілетін барлық конкурстық ұсыныстар), оның ішінде олардың осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы ақпарат.

13. Өтінім осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларда көзделген нысанға сәйкес келмеген, сондай-ақ үміткерлер конкурстық ұсыныстарды ұсынбаған жағдайда, Комиссия өтінім салынған конверттер ашылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын қоса бере отырып, үміткердің өтінімінде көрсетілген электрондық мекенжайына хабарлама жібереді, сондай-ақ Ұйымдастырушы өзінің интернет-ресурсында өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімінің нәтижелерін жариялайды.

Ұйымдастырушы өтінім бар конверттерді ашқан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің интернет-ресурсында өтінімдер бар конверттерді ашу хаттамасын жариялайды.

Өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасы бар хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде үміткер Комиссияға сәйкестендірілген өтінім мен конкурстық ұсыныстарды ұсынады.

Комиссия сәйкестелдірілген өтінімді және конкурстық ұсыныстарды үміткер ұсынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды.

Өтінім осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларда көзделген нысанға сәйкес келтірілмеген, сондай-ақ үміткерлер конкурстық ұсыныстарды ұсынбаған жағдайда, Комиссия хабарламада көрсетілген мерзімде үміткердің өтінімін қабылдамайды.

14. Комиссия конверттер ашылған күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде:

- 1) өтінімдер мен конкурстық ұсыныстардың толық болуы мен тиісінше ресімделуі тұрғысынан қарайды;
- 2) осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес өтінімдерді қабылдамайды;
- 3) осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес конкурс жеңімпаздарын айқындайды.

Үміткерлердің қабылданбаған өтінімдері конкурстың қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

15. Үміткердің және/немесе оның уәкілетті өкілінің Комиссия отырыстарына қатыспауы себебінен өтінімді қайтаруға жол берілмейді.

16. Конкурс бойынша шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады және қатысқан Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық еткен адамның даусы шешуші болып саналады.

Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

17. Конкурс жеңімпаздарын айқындау:

меншікті теле-, радиобағдарламалары, сатып алынатын теле-, радиобағдарламалар және ретрансляциялау көлемдерінің арақатынасы;

қазақ тілінде хабар тарату көлемі;

хабар таратудың орташа тәуліктік уақыты;

кадрлық әлеуеті;

теле-, радиобағдарламаларды жасау үшін материалды-техникалық қамтамасыз етілуі;

үміткердің төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы негізінде жүзеге асырылады.

18. Конкурсның қорытындысы конкурс жеңімпаздары мен конкурстан өтпеген үміткерлер көрсетіле отырып, конкурстың қорытындылары туралы хаттамада ресімделеді.

Үміткерге оған қол қойылғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстың қорытындылары туралы хаттаманың жобасы қоса беріле отырып, хабарлама жіберіледі.

Үміткер конкурс қорытындылары туралы хаттама жобасы бар хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Комиссияның k.kense@tki.gov.kz электрондық мекенжайына конкурс қорытындылары туралы хаттаманың алдын ала жобасына қарсылығын ұсынады.

Қарсылықтар келіп түскен жағдайда, оларды қарауды Комиссия олар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Комиссияның келіп түскен қарсылықтар жөніндегі шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Қарсылықтар келіп түскен жағдайда, олар қаралғаннан кейін Комиссия төрағасы мен оның мүшелері конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қол қояды.

Конкурстың қорытындылары туралы хаттамада мынадай:

1) қорытындыны шығару орны мен уақыты туралы;

2) конкурсқа қатысуға жіберілген үміткерлердің өтінімдері туралы;

3) конкурстың жеңімпазын және резервтік теле-, радиоарналарды көрсете отырып, конкурс қорытындылары туралы;

4) конкурстан өтпеген үміткерлер туралы;

5) үміткерлердің алдын ала жасалған конкурстың қорытындылары туралы хаттаманың жобасына қатысты келіп түскен қарсылықтарының болуы немесе болмауы, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері туралы ақпарат қамтылады.

Конкурс қорытындылары туралы ақпараттық хабар екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Тізбе уәкілетті орган бекіткен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Телерадио хабарларын
таратудың ұлттық операторы
тарататын еркін қолжетімді
теле-, радиоарналардың тізбесін
қалыптастыру бойынша конкурс
өткізу қағидаларына
I-қосымша
Нысан
Телерадио хабарларын
таратуды дамыту мәселелері
жөніндегі комиссияның
төрағасына

Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурсқа қатысуға өтінім

Жалпы мәліметтер:

1. Заңды тұлғаның толық атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

2. Заңды мекенжайы: _____

3. Байланыс телефондарының нөмірлері, электронды мекенжайы: _____

4. Есепке қою туралы куәлікке сәйкес теле-, радиоарнаның атауы: _____

5. Тақырыптық бағыты: _____

6. Цифрлық эфирлік телерадио хабарларын тарату желісінің тізбесін қалыптастыруға арналған тарату аумағы (радиотелевизиялық станциялар орналастырылатын елді мекендердің атауы):

7. Цифрлық спутниктік телерадио хабарларын тарату желісінің тізбесін қалыптастыру үшін (Қазақстан Республикасының аумағы немесе облыстық маңызы бар әкімшілік-аумақтық бірлік):

8. Көпарналы хабар тарату ортасы (цифрлық эфирлік/спутниктік):

9. Үміткердің өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде):

Қоса беріліп отырған құжаттар:

1. _____
2. _____
3. _____

Бірінші басшының/дара кәсіпкердің/үміткердің өкілінің қолтаңбасы
Мөрдiң орны (бар болса)

20__ жылғы " __ " _____

Телерадио хабарларын
таратудың ұлттық операторы
тарататын еркін қолжетімді
теле-, радиоарналардың тізбесін
калыптастыру бойынша конкурс
өткізу қағидаларына
2-қосымша

Конкурстық ұсыныстар

Конкурстық ұсыныстар мынадай бөлімдерді қамтиды:

1. Шығармашылық ұсыныстар

Үміткер:

1) теле-, радиоарнаның хабар тарату кестесін (келесі айға);

2) мынадай мәліметтерді қамтитын ақпаратты:

теле-, радиоарнаның тақырыптық бағыты және олардың жанрлық арақатынасы (ақпараттық, талдамалық, публицистикалық, жастар және балалар, музыкалық теле-, радиобағдарламалар және көркем, деректі фильмдер);

хабар таратудың тілдік арақатынасы, қазақ тілінде теле-, радиобағдарламаларды трансляциялау уақыты;

өзінің меншікті теле-, радиобағдарламаларының, сатып алынатын теле-, радиобағдарламалардың және ретрансляциялаудың арақатынасы;

хабар таратудың орташа тәуліктік уақыты;

шығармашылық және техникалық жұмыскерлердің сандық мәндегі кадрлық әлеуеті туралы мәліметтерді қамтитын ақпаратты ұсынады.

2. Техникалық ұсыныстар

Үміткер:

1) теле-, радиобағдарламалар өндірісінің стационарлық студиялық жабдығының болуы, жай-күйі және типі туралы ақпаратты;

2) аппараттық-студиялық кешеннің техникалық сипаттамаларын;

3) тиісті стандарттарды көрсете отырып, дыбыс және кескін сапасы жоғары теле-, радиобағдарламаларды эфирге беру жөніндегі міндеттемелерді;

4) студиялық кешеннің орналасқан жері, теле-, радиоарнаны ұлттық телерадио хабарларын тарату операторының желісіне беру тәсілі туралы ақпаратты;

5) алты ай ішінде сигналды (теле-, радиоарнаны) ұлттық оператордың желісіне беруді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені ұсынады.

3. Заңды және қаржылық ұсыныстар

Төлем қабілеттілігін растайтын құжаттар:

1) үміткердің Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі шоттары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы үзінді-көшірме (-лер);

2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес өтінім берілген күннің алдындағы күнтізбелік жыл үшін жасалған үміткердің қаржылық есептілігі, ал Қазақстан Республикасының аумағында тарату үшін конкурсқа қатысатын үміткерлер үшін Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жасалған аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік;

3) ақпараттық хабарлама жарияланған күннен кейін берілген, есебі салық органында жүргізілетін үміткердің берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

4) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторына цифрлық эфирлік және спутниктік телерадио хабарларын тарату желісі бойынша теле-, радиоарнаны таратқаны үшін телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторына анықтама берілген күннің алдындағы күнге бір айдан астам созылған мерзімі өткен берешегінің болмауы туралы анықтама.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрі
2024 жылғы 5 қыркүйектегі
№ 408-НҚ бұйрығына
2-қосымша

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 494 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11272 болып тіркелген).

2. "Ақпарат және коммуникациялар саласындағы кейбір нормативтік құқықтық бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 309 бұйрығымен бекітілген, ақпарат және коммуникациялар саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір нормативтік құқықтық бұйрықтардың тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15831 болып тіркелген).

3. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 14 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19901 болып тіркелген).

4. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 11 шілдедегі № 226 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20960 болып тіркелген).

5. "Кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 425 бұйрығымен бекітілген, өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26378 болып тіркелген).